

«Бекітемін»
ЖШС «МДҰ ДО КЕН и БАРБИ»
Директор



Бисенова К.А.
2023ж.

**ЖШС «МДҰ ДО КЕН и БАРБИ» балабақшасының
Жазғы сауықтыру шаралары
2022-2023 оқу жылы**

№	Тақырыбы:	Уақыты:	Жауаптылар:
1	«Счастливое детство мое»	1.06.2023ж.	Тәрбиешілер.
2	«Театр әлемі» қойылымы	9.06.2023ж.	Тәрбиешілер.
3	«Ертегілер елінде»	16.06.2023ж.	Тәрбиешілер.
4	«Түрлі-түсті қолшатыр»	17.06.2023ж.	Тәрбиешілер
5	«Гүлдер әлемі»	30.06.2023ж.	Тәрбиешілер.
6	«Жайнай берсін, Ел ордам!» Астана күніне орай.	7.07.2023ж.	Хореограф, тәрбиешілер.
7	«Праздник-Нептуна»	14.07.2023ж.	Тәрбиешілер.
8	«Безопасная дорога»	21.07.2023ж.	Тәрбиешілер.
9	«Веселые спортсмены» эстафета	25.07.2023ж.	Медбике, тәрбиешілер.
10	«Природа-наша жизнь»	28.07.2023ж.	Тәрбиешілер.
11	«Театр әлемі» /көлеңке театры арқылы көрсету/	11.08.2023ж.	Тәрбиешілер.
12	«В гостях у сказки» /пальчиковый театр/	18.08.2023ж.	Тәрбиешілер.
13	«Прощай лето!»	25.08.2023ж.	Тәрбиешілер, хореограф
14	«Ата заңым-Ардағым!»	29.08.2023ж.	Тәрбиешілер, хореограф

ЖШС «МДҰ КЕН и БАРБИ» меңгерушісі



Садыкова К.К

ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық -ақпараттық		
<i>Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау</i>		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Менгеруші Әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (<i>ББ бұйрығы</i>): - жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; - жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; - жазғы ас мәзірі бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Менгеруші Әдіскер
Қызметкерлерге нұсқаулықтар өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - балабақша ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерді сақтау туралы;	Мамыр Маусым	Менгеруші Әдіскер Медицина қызметкері (<i>Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады</i>)

- спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.		
Балаларға нұсқау өткізу: - жаракаттанудың алдын алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру; - табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында, аулада жүру ережесі.	Мамыр Маусым	Әдіскер Тәрбиешілер
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, дамытушылық ойындар, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, балалардың жан –жақты дамуы үшін ойын түрлерін жас ерекшеліктеріне сай әр түрлі бағытта ұйымдастыру .	Мамыр	Әдіскер
II кезең. Әкімшілік –басқару бақылау		
Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу, үрмелі бассейндерді даярлау. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (шығармашылық - тәжірибелік, танымдық-зияткерлік, дене шынықтыру және т.б.); - қауіпсіздігін тексеру.	Мамыр- маусым	Менгеруші Әдіскер Шаруашылық менгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау.	Жаз бойы	Әдіскер

Күні тәртібінің уақытыл орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер Дене шынықтыру нұсқаушысы
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына балабақша ата-аналарын қатыстыру; - жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым-Тамыз	Менгеруші Әдіскер Медицина қызметкері
Жедел бақылау: - балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азық-түліктің құнарлылығы; - күн тәртібінің орындалуы; (уақытылы су беру, жуыну ,аяқ жуу) - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды толық қанды, уақытылы жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.	Маусым - Тамыз	Менгеруші Әдіскер Медицина қызметкері
III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету;	Маусым-Шілде	Әдіскер Дене шынықтыру нұсқаушысы Медицина қызметкері

- «Сауықтыру-шынықтыру жаттығуларының» дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқама беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - Серуен барысында түрлі қимылды ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің іс-тәжірибесіндегі қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.); - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп, толықтырып отыру, жас ерекшеліктеріне сай ойн түрлерімен толықтыру.		
Семинар: 1. «Жаз мезгіліндегі сауықтыру -шынықтыру шараларын ұйымдастыру жолдары» Семинар – практикум: 1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес әр түрлі қимылды ойын түрлерін ұйымдастыру мен өткізудің талаптары мен ерекшеліктері» 2. «Балабақшаға алғаш келген балалардың бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері, іс –тәжірибелерімен бөлісу»	Жаз бойы	Әдіскер Дене шынықтыру нұсқаушысы
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - буклеттер; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; - кітапшалар;	Жаз бойы	Әдіскер Медицина қызметкері

- электрондық ақпарат көздеріне сілтеме (ватсап , инстаграм желілері т.б) 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - «<i>Ішек ауруларынан сақ тану жолдары</i>»; - «<i>Кене энцефалиті</i>»; - «<i>Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау</i>»; - «<i>Көк-өністер, жемістер. Дәрумендер бала денсаулығына пайдалы</i>».		
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек, кеңес беру.	Жаз бойы	Әдіскер
Балалармен жұмыс		
«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру, физикалық дағдыларын дамыту; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау, коммуникативтік дағдыларын жан-жақты дамыту (модель 34 т.); - балалардың пікірін, идеяларын ескеру,жұптық жұмыс жасай білуге дағдыландыру (модель 36 т.); - бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асыру басты міндет (модель 26 т.);	Жаз бойы	Әдіскер, Тәрбиешілер Музыка жетекшісі Дене шынықтыру нұсқаушысы

- педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.); - әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.).		
Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Балалар денсаулығы мониторингі	Мамыр	Тәрбиешілер
Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер Дене шынықтыру нұсқаушысы
Жаттығулар: - таза ауадағы дене шынықтыру; - ертеңгілік жаттығулар; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - үрмелі бассейнге түсіру; - қимылды ,танымдық ойын түрлері; - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер Дене шынықтыру нұсқаушысы
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	жоспар бойынша	Медициналық қызметкер
1. Спорттық ойын-сауық, жарыстар: - спорттық ойындар; - спорт жарыстары; - эстафеталар. 2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. 3. Спорт мерекелері. 4. Мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу (мүмкіндігінше таза ауада).	Жаз бойы	МДҰ меңгерушісі, Дене шынықтыру нұсқаушысы Музыка жетекшісі Тәрбиешілер
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу:	Жаз бойы	Тәрбиешілер

- дозаланған күн ванналары; суға шомылу; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтату); - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су режимі; - ауқымды жуыну; - аяқты шаю; - тыныс алу жаттығулары.		
Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Жаз бойы	Дене шынықтыру нұсқаушысы Тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: - «Денсаулық сағаты».	Жаз бойы	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық дамуын, денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Жаз бойы	Дене шынықтыру инструкторы Тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Жаз бойы	Медицина қызметкері Бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс		
- ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «Жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру –шынықтыру түрлері» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу;	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер Тәрбиешілер

- жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).		
	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Қорытынды: Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының аяғында ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Балабақша бойынша топтардың «Денсаулық мониторингі»	Тамыз	Тәрбиеші, медицина қызметкері
«Жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңін» педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер